

Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасы

**Мектеп жасына дейінгі балаларға
адамгершілік – рухани тәрбие пікірталас**

(Рухани – танымдық адамгершілік тәрбие)

Тәрбиеші: Бурханова Р.Х

Қыркүйек 2021ж

Халық ұрпақтан-ұрпаққа өзінің қоғамдық, әлеуметтік тәжірибелері мен рухани байлығын қалдыра отырып, сол арқылы қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің тарихын да жасайды.

Мұндай сабақтастық жас ұрпақтың өзіне дейінгі адамзат жасаған игіліктерден өзіне қажеттісін іріктеп алып, ұлттық тәрбиеміздің қайнар бұлағының тереңіне бойлап, сол бұлақтан бойға қуат алу жаңа уақыт талабына сай тарихи құндылықтарды жан-жақты байыта түсуіне мүмкіндік береді. Бұл сияқты тарихи үрдісте халық тек жасампаз күш ретінде ғана емес, әрі сол құндылықтардың дара және тауысылмас бұлағы, жыршысы мен философы ретінде де көрінеді. Біз ұлттық салт-дәстүрді қалптасқан жүйесі бар, өмір ағымында адамдар жинақтаған белгілі бір білім-білік, дағдылардың бір ұрпақтан келесесіне беріліп отыратын тәрбиенің әдіс-тәсілдерінің бірлігі ретінде қарастырамыз. Адамзат жаралғаннан бастап ол өзіне ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлердің негізінде бала тәрбиесіне қойылатын жаңа талаптармен толығып отыр. Мектеп жасына дейінгі балаларды өз халқының ұлттық мәдениеті, оның салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеуде шешімін табуға тиіс мәселелер баршылық. Бұл мәселе ұлттық сананың оянуымен, демократиялық қоғамның жаңа адамға деген қажеттілігімен, ұлттық мәдениетінің жандануымен, балаға өз халқының рухани байлығын сусындатумен байланысты туындап отыр. Оның мақсаты – адам тәрбиелеу.



Халықтық салт-дәстүр

- қоғамның рухани
- мәдени және адамгершілік қарым-қатынасындағы ең қымбат қазына.

Халық үшін тәрбие – тұтас дүние.

- Оның мақсаты – адам тәрбиелеу.
- Балаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін оның сәбилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату, сол арқылы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу қай күннің болмасын басты мәселесі

Бұл туралы ойшыл Абай: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі - құрбысынан» деген екен.

Ұлттық тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен орныға бастайтын аян. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деуі заңды. Ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ата-ана ғана емес, ауыл болып көңіл бөлген. Мысалы: үлкен кісіге сәлем бермегеннің өзі сыйламаушылыққа жататын, оны байқап қалушылар тентегін тезге салып отыратын.

Жалпы салт-дәстүр –
халқымыздың келбеті,
рухани мәдениетінің
қазығы.

Әрбір елдің, халықтың
бала тәрбиелеудегі
халықтық педагогиканың
ғасырлар дәуірінен қалған
асыл қазынасы бар. жас
ұрпақ сол ата-мұра
өнегесінен күш алып
қуаттанады, ізгілік негізі
орнығады.

Сол себептен де, халық
даналығына оның ұрпақ
тәрбиесінде атқарар
қызметіне зер салып,
ықылас аудармаған ақын-
жазушы, ұстаз-ғалымдар
кемде-кем, әсіресе, Абай,
Шәкәрім, Жүсіпбек, Мағжан
сияқты ғұламалардың
еңбектерінде негізгі арқауы
- өз елі, халқы, болашақ
ұрпақ тағдыры, оның
тәрбиелі, парасатты, азамат
болып өсуі жайында кең
толғаныс, өнегелі өсиет
жатады.

Халқымыздың аса көрнекті ақыны М.Жұмабаев та педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген «Педагогика» атты еңбегінде.

Ақынның көздеп отырғаны бала тәрбиесін, халықтық педагогика тұрғысында ұйымдастыру екені айтпай-ақ түсінікті. Халқымыздың рухани мәдениетіне әр заман қаламгерлері шығармашылықпен өз үлестерін қосты. Халқымыздың салт-дәстүрлеріне қалам тартқан жазушы-ұстаз – Ы.Алтынсарин, ғалымдарымыз Ш.Уәлиханов, Ә.Бөкейханов, белгілі академик Ә.Марғұлан және Х.Аргынбаев, Е.Масанов, Х.Досмұамбетов, Б.Уахатовтар өз еңбектерінде ұлттық салт-дәстүрлерді әр қырынан зерттеген. Профессор Н.Сәрсенбаев «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жөнінде» деген зерттеу еңбегінде дәстүр деген түсінікті екі мағынада пайдаланатынына тоқталған. Біріншіден, дәстүр деп халыққа кең тарап, терең сіңген әдет-ғұрыптарды және басқа тұрмыстағы тұрақты тәртіп түрлерін айтады; екіншіден дәстүр деп ғылымдағы,

саясаттағы, әдебиет пен өнердегі аса көрнекті қайраткерлердің атымен байланысты, халыққа көп тараған бағытты айтады (Мысалы, Абай дәстүрлері т.б.).

Халықтық педагогика ата-баба мұрасынан бастау алады. Ол болашақ азаматты жан-жақты жетілген, саналы, ізгілікті, мейірімді етіп тәрбиелеуде педагогика ғылымының негізгі көзі болып табылады. Бұл мәселеге Қазақстан Республикасы бойынша мектепке дейінгі мекеме балаларын адамгершілікке тәрбиелеуде зерттеу жұмысын жүргізген ғалымдарымыз А.Меңжанова, К.Сейсембаевтарды атауға болады. Аталған тақырып бойынша әдістемелік мақала жазғандар Р.Жұмағожина, Г.Наурызбаевалар. Балаларға эстетикалық тәрбие беру ісі, жан-жақты ішкі тіл үйрету, ақыл-ойын өсіру денесін жетілдіру, еңбекке баулу, ең бастысы адамгершілік, ізгілік қасиеттерді сіңіру бағытында жүргізілгенін көреміз. Мұның барлығы әрине, бесік тәрбиесіне басталады. Халқымыз бұл жөнінде: «Бесіктегі бала бес түлейді», - деген ғой.

Ғалым Б.Уахатов «Бесік жыры» - ананың «монологы», - деп, өте орынды көрсеткен. Себебі, ананың бесік жырымен, әлдиімен өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Тәрбие бастауы – бесік тәрбиесі. «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген Әуезов даналығы – осының айғағы.

Халқымыздың дарқан көңілін, кіші пейілділігін, тұрмыс-салт тіршілігін көрген саяхатшы-ғалымдардың берген деректерді де мол. Қазақ қыры мен сырын аңғарған Г.Н.Потанин: «...қазақтар дүниедегі әншілердің біреуі» - деген. Ата-бабамыз өнерді ерекше бағалаған, сол үшін де өшпес туындыларды мирас еткен.

Орыстың психолог-ғалымы Н.В.Радлов, қазақ халқының сөзге шешендігін туыстас түркі елдермен салыстырады да, халқымыздың поэзиясының дамуының аса жоғары сатыда екеніне тоқталады. Сонымен бірге, «қазақта суырып салмақ – мейлінше кең тараған өнер» - дейді.

Ата-бабаларымыздың дәстүрлі халықтық тәрбиесінің тәжірибелеріне көз салсақ, осы кезеңде балдырғанға тәрбие беру ісі жан-жақты – тіл үйрету, ақыл-ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбексүйгіштікке баулу, ең бастысы адамгершілік, ізгілік қасиеттерді сіңіру бағытында жүргізілгенін көреміз. Бұл жөнінде С.Дорженов өзінің «Ұлттық тәрбиенің тәлімі» деген еңбегінде: «Қазақ халқының тұла бойы, жүріс-тұрысы, мінез-кұлқы, істеген ісі тұнып тұрған тәрбие. Екінші сөзбен айтқанда, қазақ тәлімді, тәрбиелі халық. Ол өмірдің жаңалығынан да сабақ ала білген халық» - дейді. Ғалым Ә.Ашайұлы «Ұлттық педагогика негізінде оқу тәрбие ісін ұйымдастыру» атты зерттеу еңбегінің нәтижесінде халықтық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа үйрететін жаңа пән бағдарламасына сай «Әдеп әліппесі» атты тәлім-тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін айқындайтын ғылыми-әдістемелік оқу құралын дайындап, бүгінде Барлық дәстүр, әдет-ғұрыптар тәрбиеге байланысты. Ізгі дәстүрлер негізінде бүлдіршіндерді тәрбиелеу кешенді тәрбие берудің құрамдас бір бөлігі болуға тиіс. Осыған орай баланы мектепке дейінгі мекемелерде, отбасында тәрбие беруде қазақтың ұлттық-тұрмыстық салт-дәстүрлерінің үлкен рухани күш екендігі жайлы ойымызды ортаға салмақпыз.

Салт дәстүр арқылы тәрбиелеудің жайы

Халқымыздың ұлттық мәдени мұраларында балаға рухани, жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінуге, қоршаған дүниені тануға қатысты мәселелер кең камтылған. Бірақ осындай ғажап халықтық тәрбиенің іс-жүзінде толық орындалмай, тәрбие ісінде нақты, жүйелі жүзеге аспай отырғандығын балалармен, тәрбиешілермен әңгімелесу, педагогикалық үрдістерге, құжаттарға, сауалнама нәтижелеріне талдау жасау барысында

анық байқадық. Балабақша тәжірибесінде жүргізілген тәрбие жұмыстарының мазмұны жұтаң, жүйесіз, шапыраңқы күйде екенін көрсетті. Балалардың өздік шығармашылық іс-әрекеттеріне, ұлттық тәрбие элементтерінің сіңісуіне қажетті жағдайлар жасалмай келеді. Тәрбиешілер де көтеріп отырған проблема, яғни ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен тиянақты таныстыру жұмыстарына жауапсыздықпен қарайтынын байқағты. Соңғы жылдары мектептердің тәрбие үрдісінде халықтық педагогика идеяларын қолдануға көп көңіл бөлінуде. Әйтсе де, осы салада ғылыми әдебиеттер мен мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде тәрбие жұмыстарына талдау жасай келіп, ұлттық салт-дәстүр арқылы тәрбиелеудің теориялық та, тәжірибелік тұрғыда да өз дәрежесінде жүргізілме йотырғанын бағамдадық.

Халықтық педагогика негізінде тәрбиелеудің жүйесін, тиімді әдіс-тәсілдерін айқындап, жаңа жасалған «Балбөбек» бағдарламасына «Имандылық тәрбиесі» бөлімін еңгіздік. Аталған бағдарламада мектепте тәрбиелеу мен білім беруде бай ауыз әдебиеті үлгілерін, халықтық музыка, ұлттық ойындар, өнер, салт-дәстүрлерін тұтас қамтып, бірлікте жүргізу көзделеді.

Олар тәрбиленушілердің жас ерекшеліктеріне сай мазмұндық деңгейі әркелкі болып жүзеге асырылуы тиіс. Балалардың әрбір іс-әрекетінде ұлттық ерекшелік қанық бояумен, әрленіп, дараланып тұруы көзделеді.

Сонда ғана баланы халықтық дәстүрлерде тәрбиелеу мен дамыту мүмкіндігінің жұтандығынан құтыламыз. Ол үшін алдымен тәрбиешінің теориялық білімі қажет. Балабақшалардағы тәрбиелеу – білім беру үрдісінде ұлттық салт-дәстүрлердің озық идеяларын қолданудың тәжірибелік іскерлік-дағдыларын меңгеруі тиіс.

Мектеп – тәрбие бесігінің бірі. Сондықтан да қазіргі заманға сай халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып кележатқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналардың бірі ретінде бағалап, мектепте тәрбие жұмысын қалай кешенді ұйыдастыруға болатынына тоқталмақпыз. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап, үнемі салт-дәстүрлер аясында болады. Сондықтан да бала тәрбиесінде халықтық тұрмыстық салт-дәстүрлердің туу себептерін, даму ерекшеліктерін, орныгу заңдылықтарын ашып көрсетудің тәбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата-баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастыра отырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.